

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының бірлескен 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 18/184-III шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімиятының 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 515 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 қазанда N 1918 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Жер кодексінің 50-бабына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихат **ШЕШТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес ауылдық жерлерде суарылмайтын және суармалы жерлерді өзіндік қосалқы шаруашылық(үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін, жеке тұрғын үй құрылысы үшін, бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т
с е с с и я н ы ң т ө р а ғ а с ы
О б л ы с ә к і м і
О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысының міндетін атқарушы

Оңтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының бірлескен
2005 жылғы 28 қыркүйектегі
N 18/184-III шешіміне және
Оңтүстік Қазақстан облысы әкімиятының
2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 515 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында ШЕКТІ (ЕҢ ЖОҒАРЫ) МӨЛШЕРІ

ауылдық жерлерді суарылмайтын және суармалы жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылық (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу

**үшін, жеке тұрғын үй
құрылысы үшін, бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін:**

N	Аудандар және қалалар атауы	Жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері (га)			
		Ауылдық жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылықтар (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін		Ж е к е тұрғын үй құрылысы үшін	Бағбандық сондай-ақ с а я ж а й құрылысы үшін
		Суармалы жер	Суарылмайтын жер		
1.	Арыс қ.	0,40	1,0	0,15	0,20
2.	Бәйдібек	0,30	1,0	0,20	0,25
3.	Қазығұрт	0,40	1,0	0,15	0,20
4.	Мақтаарал	0,30	0,50	0,15	0,20
5.	Ордабасы	0,30	0,50	0,15	0,20
6.	Отырар	0,30	1,0	0,15	0,20
7.	Сайрам	0,30	0,50	0,15	0,20
8.	Сарыағаш	0,30	1,0	0,15	0,20
9.	Созақ	0,30	1,0	0,15	0,20
10.	Төлеби	0,40	1,0	0,15	0,25
11.	Түлкібас	0,30	1,0	0,15	0,20
12.	Шардара	0,30	1,0	0,20	0,20
13.	Кентау қ.	0,30	1,0	0,20	0,20
14.	Түркістан қ.	0,30	1,0	0,15	0,20
15.	Шымкент қ.	0,20	0,30	0,10	0,15